В средние и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превращающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений. Накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году по состоянию на 1 февраля 2026 года с нарастающим итогом составила 1 173,15% при инфляции за весь период 952,32%.

По состоянию на 1 февраля 2026 г. накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход составил 13,99 трлн тенге. С учетом произведенных выплат его доля в общем объеме пенсионных накоплений вкладчиков (получателей) составляет 41,5%, что свидетельствует о существенной роли инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан.

Также отметим, что вкладчики имеют право на перевод части пенсионных активов (до 50% пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и до 100% пенсионных накоплений за счет добровольных пенсионных взносов) в управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), соответствующим требованиям регулятора.

В сравнении более консервативным управлением НБРК, направленным на сохранность пенсионных активов и обеспечение их положительной доходности в долгосрочном

периоде, инвестиционные декларации УИП и требования регулятора предусматривают более широкие инвестиционные возможности УИП в целях повышения доходности пенсионных активов (при этом риски в УИП также выше).

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранения обязательств пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов под управлением НБРК с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Пресс-центр ЕНПФ

МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ



SEMEYtanu

№ 18 (19770) 6 наурыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

Ардақты аналар, аяулы арулар!



Сіздерді шұғылалы көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – бүкіл әлемдегі әйел атаулыға құрмет көрсететін айрықша мейрам. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Адамдық негізі – әйел» деген дана сөзі бар. Ананың әлді мен арудың ақылы, қарындастың ізеті мен жардың адалдығы – қазақ қоғамының ұйытқысы, еліміздің ең асыл байлығы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ана мен баланың жағдайы дұрыс болса, әлеуметтің жағдайы да дұрыс болады. Сондықтан болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдердің жағдайын жақсартуды ойлайды. Мемлекетіміз әйелдерді барынша қорғауға және жан-жақты қолдауға баса мән береді», - деп атап көрсетті.

Сіздер тек отбасының ғана емес, қоғамның да алтын қазығысыздар. Өндірісте – еңбектің, ғылымда – ізденістің, өнерде – шабыттың, саясатта парасаттың биігінен көрініп келесіздер.

Бүгінде өңіріміздегі 300 мыңнан астам нәзік жандардың басым бөлігі білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамту, мәдениет саласында қызмет етеді.

Біз әрдайым сіздердің қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз. Өңіріміздің өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Баршаңызға мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Құрметпен, Абай облысының әкімі Берік УӘЛИ

РЕФЕРЕНДУМ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ - ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫНДА

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпұылтық коалициясының мүшелері Абай облысына келіп, өңір жұртшылығымен бірқатар кездесу өткізді.



Талқылау жұмысына 500-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында өңірдегі көрнекті қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңестердің мүшелері, саяси партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, ардагерлер ұйымдарының, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, спорт салаларының, жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының өкілдері және жастар қауымы бар.

Қоғамдық диалогтың өзегі – Ата Заң жобасының негізгі ережелері мен 15 наурызда өтетін жалпұылтық дауыс берудің маңызы. Кездесуді ашқан облыс әкімі Берік Уәли Жаңа Конституция жобасын кең қоғамдық талқылаудан өткізудің маңызын атап өтіп, ұсынылып отырған өзгерістер өңірлік басқару жүйесіне тікелей әсер ететінін айтты. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысы барынша ашықәрі қоғамның кең қатысуымен жүргізілгеніне назар аударды. «Жаңа Конституция жобасының мәні – жарты жыл бойы жүргізілген қоғамдық талқылаудың қорытындысы. Конституциялық комиссияның 130 мүшесінің және өз ұсыныстары мен пікірлерін жолдаған мыңдаған азаматтың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Сондықтан оны бүгінде халықтық Конституция деп атауға толық негіз бар», - деді Мемлекеттік кеңесші.

Ерлан Қарин ұсынылып отырған жаңашылдықтар барлық басқару жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға және билік институттарының өкілеттігі мен жауапкершілігін нақты теңгерімі арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталғанын атап өтті. Сондай-ақ ол жобада айқындалған заманауи басымдықтарға ерекше тоқталды. Олар – цифрлық трансформация, адам капиталы дамуы, білім, ғылым және инновацияларды мемлекеттің ұзақмерзімді өркендеуі мен бәсекеге қабілеттілігінің негізі ретінде қолдау көрсету.

«Жаңа Конституция еліміздің дамуына тың серпін, жаңа бағыт беріп, тарихымыздың жаңа кезеңін ашады», - деді Ерлан Қарин.

Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильяновтың айтуынша, Ата Заң жобасы барлық меншік нысанын қорғау, ұлттық заңнаманың басымдығын айқындау және ұлттық валютаның маңызын бекіту арқылы экономикалық келіпідіктерді күшейтеді. Бұл бизнес пен инвестиция үшін тұрақты әрі болжамды орта қалыптастырады.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Конституцияның жаңа редакциясында білім, ғылым және инновацияларды дамуы мәселесі стратегиялық басымдық ретінде бекітілгенін атап өтті. Бұл адам капиталын қалыптастыруды мемлекеттің негізгі міндеттерінің біріне айналдырып, жастардың азаматтық жауапкершілігін нығайтуға ықпал етеді.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров заң шығарушы билікті жаңғырту және Құрылтайдың бақылау функцияларын күшейту мәселесіне назар аударды. Оның айтуынша, бұл билік институттарының есептілігін арттырып, азаматтардың құқығы мен бостандығына қатысты келіпідікті нығайтуға бағытталып отыр. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұратқазы Алин Жаңа Конституция ұлттық мәдениет пен дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайтуға ықпал ететінін, осылайша мемлекеттің тұрақты әрі кезең-кезеңімен дамуына негіз болатынын мәлімдеді.

Кездесу барысында қатысушылар белсенді пікір алмасып, Жаңа Конституция жобасы қоғамның әділдікке, тұрақтылыққа және мемлекеттік басқаруды жаңғыртуға деген сұранысын айқындайтын атап өтті. Құжат азаматтардың тұрмысын жақсартуға және әлеуметтік келіпідіктерді нығайтуға бағытталды.

Кездесу соңында Абай облысының жұртшылығы Жаңа Конституция жобасын қолдайтындарын жеткізіп, аталған құжат мемлекеттің алдағы уақытта орнықты дамуы үшін аса маңызды екенін атап өтті.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпұылтық

коалициясының мүшелері өңірдегі шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Іс-шара Абай атындағы облыстық кітапхана-ның оқу залында ұйымдастырылды. Талқылау жұмысына мәдениет және өнер қайраткерлері, ғалымдар, ақындар, жазушылар, театр және кино саласының мамандары, музей, оқу-ағарту салаларының қызметкерлері және өңірдегі өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты. Кездесу барысында Жаңа Конституция жобасының құндылығы мен мазмұндық негізі, сондай-ақ оның ұлттық мәдениетті дамытудағы және мемлекеттік бірегейлікті нығайтудағы маңызы басты назарға алынды.

Кездесуді ашқан кітапхана директоры Мерей Қарт Абай есімімен байланысты рухани кеңістікте ел болашағына қатысты сөз қозғалып отырғанының символдық мәніне тоқталды. Оның айтуынша, Абай мұрасы күні бүгінге дейін ұлттық адамгершілік бағдарын айқындап келеді. Сондай-ақ ол Жаңа Конституция жобасында білім мен ғылымды дамуы мәселесі мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағытының бірі ретінде бекітілгенін айтты. Бұл ұлттың зияткерлік әлеуетін нығайтып, мемлекеттің тұрақты дамуының берік негізіне айналады.

Айттыскер ақын, халықаралық байқаулардың лауреаты Мұхтар Ниязов Жаңа Конституция ұлттық-мәдени мұраны қорғауды күшейтіп, жер мен оның қойнауындағы қазбай байлық Қазақстан халқына тиесілі екені туралы қағидақты бекітетінін ерекше атап өтті. Бұл қадам табиғи ресурстарға қатысты жалпұылтық жауапкершілік сезімін нығайтып, оларды пайдалану кезінде қоғамдық мүдденің басымдығын айқындайды. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, мәдениет қайраткері Төлеген Жанғалиев жоба преамбуласының мазмұнына ерекше назар аударды. Оның айтуынша, преамбулада қазақ мемлекеттілігінің тереңнен тамыр тартатын тарлан тарихы көрініс тауып, Ұлы Даланың дәстүр сабақтастығын айқындайды. Ол Ата Занда қоғамдық келісім, халықтың бірлігі, этносаралық және конфессияаралық диалог қағидаларының бекітілуі мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлылығын дамуының маңызды негізі саналатынын атап өтті.

Кездесу қорытындысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өз сөзінде Жаңа Конституция тек негізгі құқықтық акт ғана емес, мемлекет пен азаматтар арасындағы мүдделер тепе-теңдігін айқындайтын заманауи қоғамдық келісім екенін атап өтті. Оның айтуынша, құжат адамға бағдарланған даму моделіне көшуді бекітеді. Бұл модельде адамның өзі, оның құқығы мен бостандығы басты орынға қойылады. Сондай-ақ оның білімін, бастамасын және жасампаз әлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасау көзделді.

Ол білім, ғылым, мәдениет және инновацияларды дамуы ісі стратегиялық басымдықтар деңгейінде бекітілетінін, ал ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселесі конституциялық мәнге ие болатынын айтты. Осылайша қоғамның ұйысуына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және мәдени құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізуге берік негіз қаланады. Пікірталас барысында қатысушылар Жаңа Конституция жобасының тек құқықтық мазмұны ғана емес, терең құндылығы бар екенін атап өтті. Құжат Қазақстан мемлекеттілігінің кемелдігін, тарихи құндылықтарға сүйенудің маңызын және дербестік, әділдік, заң үстемдігі мен тәртіп қағидаларының мызғымастығын бекітеді.

Ашық диалог барысында мәдениеттің қоғамдық сана қалыптастырудағы рөлі, әдебиет пен өнерді қолдау, тарихи жадыны сақтау мәселелері көтерілді. Абай облысының шығармашылық зиялы қауым өкілдері Жаңа Конституцияның тек құқықтық шеңберді белгілейтін құжат емес, ел дамуының моральдық бағытын айқындайтын маңызды құжат ретінде қабылдайтындарын айтты, алдағы референдумға қолдау білдірді.

Өз тілшіміз

КӨКТЕМДІ ҚОНДЫРЫП ҚАНАТЫНА...

Бір нәресте дүниеге келер алдында Алладан сұрапты:

- Мен жерге барсам, мені кім қорғайды?

Алла жауап беріпті:

- Мен саған бір періште жіберемін. Ол сені жақсы көреді, қорғайды, тәрбиелейді.

Бала тағы сұрайды:

- Оның аты кім?

Алла күлімсіреп:

- Сен оны жай ғана "Ана" деп атайсың,- дейді

Көктем келген сайын көңіл көкжиегінде бір бейне жаңғырады. Ол - Ана. Жер бетіндегі бар мейірімнің бастауы, бар тіршіліктің тамыры осы бір қасиетті ұғымда жатыр. Біз көбіне еркінетті жетістікпен, қоғамды көрсеткішпен өлшейміз. Ал шын мәнінде адамзаттың ең ұлы капиталы ананың жүрегінен сақтаулы. Әлемді өзгерткен ойлар да, елді алға сүйреген ерлер де әуелі ана әлдінен нәр алған. Сондықтан ананы ұлықтау – дәстүр ғана емес, ұлттың өзегін сақтау. Абай облысының бүгінгі келбеті де осы ақиқатты айғақтайды. Өңірде 100 мыңнан астам зейнеткер болса, соның басым бөлігі - әйелдер. Ғасырмен сырласқан әжелеріміз де бар.

Біз кейде әйелді тек мерекеде еске аламыз. Ал шын мәнінде қоғамның ең нәзік тұсы да, ең мықты тірегі де - әйел. Анаға деген құрмет – ұлттың өзіне деген құрмет. Анаға деген сенім – болашаққа деген сенім.

Бірақ бір шындықты ашық айтуымыз керек. Қоғам ананы ұлықтауды сөзбен ғана шектесе, ол құр ұранға айналады. Анаға құрмет – тек гүлмен емес, әділетпен өлшенуі тиіс. Анаға тағзым – тек сахнада емес, шешім қабылданатын жерде көрінуі керек. Өйткені әйелдің қадірі мерекеде емес, мемлекет ұстанымында танылғанда ғана биіктейді.

Бізге мерекелік пафос емес, өмірлік ұстаным керек. Бізге мадақ емес, әділдік керек. Бізге сөз емес, сенім керек. Сондықтан ананы ұлықтау – ұлтты сақтау. Ананы қорғау – болашақты қорғау. Ананы құрметтеу – мемлекеттің ары.

Ертеде бір данышпан:

- Бұл дүниеде ең күшті нәрсе не? - деп сұрапты.

Біреулер қылыш, біреулер байлық, біреулер билік деп жауап берді.

Сонда дана қарт:

- Ең күшті күш - ананың дұғасы. Өйткені ол баласының тағдырын да, жолын да жарық ете алады, - деген екен.

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Көктеммен бірге келетін әсем мереке – 8 Наурыз

сіздерге қуаныш пен шаттық сыйласын!

Сіздер – өмірдің көркі, отбасының тірегі, ұрпақ тәрбиесінің ұйытқысысыздар. Ананың мейірімі мен әйелдің даналығы – әр шаңырақтың бақыты мен берекесі. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға береке, жүректеріңізге қуаныш тілеймін. Өр күндеріңіз гүлдей құлпырып, өмірлеріңіз шаттыққа толы болсын!

Марат ҚҰРМАНБАЙ,
Абай облыстық
мәслихатының төрағасы,
Семей қаласының Құрметті азаматы

Құрметті оқырман! Мерекелік күнге байланысты газетіміздің келесі саны 13 наурыз, жұма күні шығады



СІЗ ҚАНДАЙ ГҮЛ СЫЙЛАЙСЫЗ?

Гүл баптайтын мамандардың айтуынша, әр гүлдің өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Гүл сыйлар алдында алушының жасын, талғамын, екеуара қарым-қатынастың әлеуметтік деңгейін айқындап алуға кеңес береді. Сонымен қатар гүлдердің түсі, көлемі, саны, безендірілуі де белгілі бір ниетті білдіреді.

Гүл – адамның ойын, ішкі сезімін білдіретін нәзік нышан. Сондықтан гүл сыйлағанда оның түсі мен түріне мән берген жөн. Шын жүректен таңдалған гүл ғана көңілдің шынайы ықыласын жеткізе алады. Тіпті гүл шоғына қарап-ақ оны сыйлаған жанның не айтқысы келгенін аңғаруға болады.

Қызғылт түс – бұл гүлдер адамдардың жақсы қарым-қатынаста екенін білдіреді. Сонымен бірге қызғылт түсті әмбебап түс деп есептеуге болады: оны ер адамға да, әйел адамға да, үлкен-кішіге де, әріптестеріңіз бен бастығыңызға да сыйлауға болады.

Сары түс – табыс пен шуақты көңіл күйдің нышаны. Күннің нұрын еске салатын бұл реңктегі гүл шоқтары шығармашылық иелеріне, белсенді әрі жарқын жандарға тамаша сый бола алады.

Қызыл түс – шексіз махаббат пен адал сезімнің символы. Сондықтан қызыл гүлдер сүйіктіңізге, жүрекке ең жақын жанға арналған ерекше тарту болмақ.

Ал қанық қызыл, күрең қызыл реңктер құмарлық пен терең сезімді білдіреді. Мұндай гүлдерді таңдағанда абай болған жөн – олардың мәні айрықша, сондықтан кімге және қандай көңіл күймен сыйлайтыныңызға сенімді болған дұрыс.

Ең көп таңдалатын гүлдердің бірі – раушан. Раушан гүлі сұлулығымен де, мағыналық байлығымен де ерекшеленеді. Дегенмен оның түсі ерекше мәнге ие.

Сарғылт раушан – ғашықтық пен құштарлықтың белгісі. Қызыл раушан – шынайы махаббат пен құрметтің символы. Қызыл-сары раушан көбіне құттықтау мақсатында ұсынылады. Шабадалы түстес раушан – қайта қауышу мен жақындықты білдірсе, қызғылт раушан нәзіктік пен шынайы сезімді меңзейді. Ашық қызғылт түс – қуаныш пен ризашылықтың белгісі, ал қою қызғылт – алғыс айтудың ишарасы. Ақ раушан – тазалықтың нышаны, сондықтан үйлену тойларында жиі таңдалады.

Меруерт гүл – «сен үнемі мені ойымдасың» дегенді білдіреді. Ақ дәстүргүл – пәктіктің белгісі. Ірі сары нәркес «сен үшін бәріне дайынмын» деген мағына береді. Ақ сүмбіл сүйкімділік пен нәзіктікке баланса, ақгүл тартымдылық пен мейірімділікті білдіреді.

Кешірім сұрағанда сары бақытгүл мен таушымылдық ұсынылады. Сары қалампыр – шын жүректен өкінудің белгісі, ал сары жыландық – ынтықтықты білдіреді.


Қызғалдақ ішіндегі қызыл қызғалдақ – махаббатын мойындаудың символы. Лалагүл әдетте айбарлы, төкаппар ханымдарға сыйланады. Алайда оның хош иісі аллергия туғызуы мүмкін екенін ескерген жөн. Бірбеткей мінезді жандарға магнолия гүлін таңдауға болады.

Бәйшешек – інжуғүл болашаққа сеніммен қарауды білдірсе, ақ түймедақ жастық пен пәктікті, көк шегіргүл сыпайылық пен қарапайымдылықты меңзейді. Ал қызғылт қалампыр мен қызыл бақытгүл – махаббаты ашық мойындаудың белгісі.

Гүл таңдағанда оның тек әдемілігіне ғана емес, астарлы мағынасына да назар аудару сыйлықтың әсерін еселейтін түседі.



«Riza bol» ұсынатын кәдесый



Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сәмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» қауға белгісімен шыққан жібек орамалдар – ұлттық болмысты заманауи нәзіктікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Жексіз түнге жарық ай» – сабыр мен сенімнің, «Көзіміз қарасы» – махаббат пен мейірімнің белгісіндей.



Қазақ халқы әйел-ананың қоғамдағы орнын қашанда биік қойған. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» ана туралы айтылған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер – соның айғағы. Назарларыңызға бағзы заманнан бүгінге дейін мағынасын бұзбай жеткен ата сөздерін ұсынамыз:

Әйелдер жайлы нақыл сөздер

- Әйел — үйдің қазығы.
- Әйел – үйдің көркі.
- Еркек – түздің көркі.
- Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.
- Анаға қарап қыз өсер.
- Ана – үйдің берекесі, бала – үйдің мерекесі.
- Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың.
- Жұмақ ананың табанының астында.
- Әйел – үйдің ұйытқысы.
- Инабатты болса, әйел, Өнегелі болса, бала көркі.
- Жақсы әйел – ырыс,
- Жаман әйел – ұрыс.
- Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады.
- Ердің асылы күшінен білінеді, Әйелдің асылы ісінен білінеді.
- Еркекке жүрек керек, Әйелге тірек керек.
- Ерге жаққан қатын елге де жағады.
- Әйелдің ақылын жесірінде байқа, Баланың ақылын жетімінде байқа.
- Жаман әйел төсегінен белгілі, Жаман жігіт есебінен белгілі.
- Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады.
- Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды.
- Жетесіз әйел ер қадірін білмес.



НӘЗІК ЖАНДЫЛАР ТУРАЛЫ



Қыздар қол беріп амандасқанда, алақанын түзу ұстайды, көбінесе қолды қыспайды.

• Қыздар көп жағдайда қолын бос қалдыруды жөн көрмейді. Сондықтан қолына міндетті түрде сөмке ұстап жүреді. Сөмке болмаса қолғап, телефон ұстап алады. Ал жігіттер, керісінше, қолдарында зат тұрса, өздерін ыңғайсыз сезінеді екен.

• Қыздар, отырған кезде, екі аяғын бір-біріне параллель етіп қояды немесе аяғын айқастырады.

• Әйелдердің жүрегі ер адамдардың жүрегіне қарағанда 20 пайызға кіші, ал миы 10 пайызға кіші.

• Нәзік жандылар ерлерге қарағанда бір күнде үш есе көп сөз айтады. Көп сөйлеу

әйелдердің миындағы рақаттану орталығының жұмысына байланысты. Сондықтан әйел адамның көп сөйлеуі – қалыпты жағдай.

• Әйелдер әңгімелесуші ер адамға қарағанда мұқият және ұзақ тыңдай алады.

• Статистикаға сүйенсек, келіссөзді әйелдер еркектерге қарағанда жақсы жүргізеді.

• Әйелдер қолғапты көшеге шықпастан бұрын киеді.

• Есінеген кезде әйелдер аузын алақанымен жабады, ал еркектер жұдырығын қалқалап есінейді.

• Артына қарағанда қыздар көбіне мойнын ғана бұрады, ал жігіттер денесін түгел бұрып қарайды.

• Кешігу, жігітті күткізу – қыздардың жазылмаған заңы. Қыздар кешкі кездесуге күні бойы дайындалып, бәрібір кешігеді.

• Әйелдер кірпігін бояғанда, аузын ашады.

• Қыздар үшін адамның сыртық келбеті бірінші орынға ие, сондықтан олар өзінен ақылды қыздарды қызғана бермейді.

• Опа-далалқа бейжай қарайтын қыз болмайды. Боянуды ұнатпайтын қыздың өзі опадалаптың түр-түрін сатып алады.

• Көп қыз смс, ашықхат, хаттарды сақтайды.

• Қыздар үй шаруасына мығым (электр сымдарын бір-біріне жалғай алатын, т.б.) жігіттерді ұнатады. Өйткені барлық дерлік қыз тоқтан қорқады.

• Қыздар сыйлыққа алған гүлін қурап қалғанда сақтайды.

• Қыздар ұсақ-түйек нәрсеге қатты мән береді. 5 минуттік жердегі дүкеннің өзіне боянбай шықпайды. Сіз қызбен бірнеше ай бойы кездесіп жүрсеңіз де, оны боянбаған күйінде

ешқашан көрмейсіз. Ал егер көрсеңіз, оның сізге деген сенімділігі жоғары деген сөз.

• Егер қыз сізді ұнатады деп ойласаңыз, бұл туралы оның құрбыларынан сұраңыз. Нәзік жандар ішіндегісін сақтай алмайды. Егер өзінің сүйікті жігітімен ұрысып қалса, ең алдымен өз құрбысына телефон соғып қолдауын сұрайды.

• Үш немесе одан да көп қыз кездесіп қалғанда, олар жігіттер туралы әңгіме айтады.

• Егер қыз үндемей қалса – сақ болыңыз. Дауыл келе жатыр! Қыздың көңіл-күйі болмағанда байқаңыз! Егер сіз онымен сөйлесуге тырыссаңыз, ол сізге ренжіп қалады. Ал егер оған назар аудармасаңыз, ол одан да қатты ренжиді.

• 90 пайыз қыз әрбір жаңа махаббат мәңгілік деп ойлайды. Қыздар жігіттің барлық таңыс қыздарын қызғанады және қарсылас ретінде көреді.

• Әйелдер еркектерге қарағанда автокөлікті абайлап жүргізеді, оларда өзін-өзі сақтау инстинкті жақсы дамыған.

• Әйел адамдар ерлерге қарағанда түстерді жақсы ажыратады.

• Қыздар жігітіне сыйлық таңдауға орташа есеппен 2 апта уақыт жібереді.

• Өлемде үйленген еркектерге қарағанда, күйеуге шыққан қыздар көп екен.

• Егер жігіт пен қыздан саусақтарын көрсетуді сұраса, жігіттер саусағын жоғары, ал қыздар төмен қаратады екен.

• Бір нәрсе лақтыратын кезде қыздар қолдарын артқа қарай сермейді, ал жігіттер – алға.

СҰЛУЛЫҚ ҚҰПИЯЛАРЫ

Бүгінде сөмкемізден далап, тушь, көз бояуларының түр-түрін табуға болады. Қазіргі мінсіз күйіне дейін бояулар түрлі тәжірибеден өтіп, әртүрлі мақсаттарда пайдаланылған. Қазіргі қолданыстағы ерін далабы пайда болғанша қыздар кошениль қолданған, бұл - ұнтақталған қоңыздан алынатын паста және алғашқы далапты да осыдан жасаған.

Қытай, Вьетнам және Жапон сәнқойлары ХХ ғасырдың ортасына дейін тістерін қара түске бояп келген. Тұрмысқа шыққан әйел күйеуіне берілгендігін білдіру үшін күнделікті тістеріне шөптердің тұнбасынан, темір ерітіндісі мен сірке суынан жасалған бояуды жағып отырған.

Көз бояуы алғашында сақтандыру шаралары үшін пайдаланылған: ежелгі мысырлықтар оларды конъюнктивиттен қорғану үшін және соның салдарынан болатын трахоманың алдын алу үшін қолданған.

Қатана мұсылмандық ережелерді сақтанатын елдерде әйел адамдарға бояну құралдарының ішінде тек сурмені пайдалануға рұқсат етілген.

Орта Азияда кеңірікте жалғасқан қалың қас әдемілік нышаны ретінде қабылданған. Сондықтан бала кезінен қыздарға қасбояу (усьма) шырынынан



жасалған бояумен қастарын бояп, екі қасты ирек сызықпен байланыстырған. Қасбояу шаштың өсуіне ықпал ететіндіктен, біраз уақыттан кейін бояған жерлерге қылшықтар шыға бастаған.

Ежелгі Мысырда қыздар бастарына бір тілім май тағып жүрген. Ыстық күнде май еріп, шаш жылтырай бастаған. Ал кейін тіпті тақыр бас қыздар сәнде болған. Викингтер шаш сәндеу үшін ашыған майды пайдаланған.

XVIII ғасырда еуропалық қыздар қастарын алып тастап, оның орнына

тышқан терісінен жасанды қас жабдыратын болған.

Елизавета ханшайым бетіндегі шешек ауруының белгілерін жасыру үшін бетіне қорғасынды ақ сыр жаққан, ал қартаю белгілерін жасыру үшін матаның қиындысымен жауып жүрген.

Қытайлық жігіттер сырт келбетіне көп мән беретін болған. Олар жасанды мұрт сызып қойған немесе жабыстырып алатын болған. Маңдайлары кең көріну үшін шаштарын қырып отырған. Көптеген қытай жауынгерлері айбарлы көріну үшін қастарын тушьпен бояп, қорқынышты пішін берген.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынған

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жанұзақов А.О. ЖК, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 13.04 күні сағат 11:00-де ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, 15-шағын аудан, 226 үй, 36-пәтер мекенжайында «Жанұзақов А.О. ЖК-нің құм-қиыршықтас қоспасына (ҚҚҚ) арналған ұсақтау-сұрыптау кешенін орнату және пайдалану бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкін ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz/> МИО ресми интернет-ресурсы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>

Барлық ескертпелер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей келесі ресурстар арқылы қабылданады: Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы ұлттық деректер порталы: <https://ndbecology.gov.kz/> Электрондық пошта арқылы: uprip.abay@akimatabai.gov.kz

Бейнеконференцияға қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/8560007213?pwd=TWVklNSyMph39C9lycjazN8g9KVhEX.1>

Конференция идентификаторы: 856 0007 213

Қатысу коды: rx6TPU

Жанұзақов А.О. ЖК үшін ықтимал әсерлер туралы есептің әзірлеушісі: «ВостокЭКОпроект» ЖШС.

БСН: 200340020928

Директоры: Мигдалник Лариса Викторовна

Қосымша ақпаратты келесі байланыс арналарынан алуға болады:

e-mail: vostok-ep@mail.ru

Тел.: 8 (7232) 76-82-15

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келуіңіз қажет.

«Семей таны» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары –
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АВАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет – сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада – 8 776 740 87 21, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі – 52-36-57; бас редактор – 52-04-75; редактордың орынбасары – 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі – 56-08-03; факс – 52-04-75; бухгалтерия – 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ